**ЕСКЕРТПЕ. УК-сәулеленудің ұзақ әсер етуі катаракта даму қаупінің факторларының бірі болып табылады. Бұл әсер бірқатар факторларға байланысты, мысалы, қоршаған орта жағдайлары (теңіз деңгейінен биіктігі, географиялық орналасуы, бұлттылық) және жеке факторлар (ашық аспан астындағы сабақтардың ұзақтығы мен сипаты). УК-сүзгісі бар жанаспалы линзалар көзді УК-сәулеленудің зиянды әсерінен қорғауға көмектеседі. Алайда, нәтижелері УК-сүзгісі бар жанаспалы линзаларын киген кезде катаракта және басқа көз аурулары қаупінің төмендегенін дәлелдеген клиникалық зерттеулер жоқ. Қосымша ақпарат алу үшін көру қабілетін түзету жөніндегі маманға жүгініңіз.**

**Қолдануға қарсы көрсетілімдер, пайдаланушыға медициналық маманмен кеңесу қажет жағдайлар туралы ақпаратты қоса алғанда, медициналық бұйымды қолдануына байланысты күтілетін және болжамды қолайсыз оқиғалар (медициналық білімі жоқ адамдардың пайдалануына арналған медициналық бұйымдар үшін), дұрыс пайдаланбаған кезде алғашқы көмек көрсету шаралары.**

**ҚОЛДАНУҒА БОЛМАЙТЫН ЖАҒДАЙЛАР (линзаларды қашан қолдануға болмайды)**  
Келесі жағдайлар болған кезде аметропияны түзету үшін жанаспалы линзаларды **ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ:**

- көздің немесе қабақтың қабынуы немесе инфекциялары;
- көздің кез келген ауруы, мөлдір қабықтың, конъюнктиваның немесе қабақтың жарақаты немесе патологиясы;
- бұрын диагноз қойылған линзаларды ыңғайлы киюге кедергі келтіретін кез келген ауру немесе жағдай;

- құрғақ көздің ауыр синдромы;
- мөлдір қабық сезімталдығының төмендеуі (мөлдір қабықтың гипестезиясы);
- көзге әсер етуі немесе жанаспалы линзаларды кигенде нашарлауы мүмкін кез келген жүйелік аурулар;
- жанаспалы линзаларды кию немесе линзаларды күтуге арналған ерітіндіні пайдалану салдарынан туындайтын немесе күшейтіле алатын көздің немесе оның қосалқы аппаратының аллергиялық реакциясы;
- көздің кез келген жедел инфекциялық аурулары (бактериялық, зеңдік, протозойлық немесе вирустық);
- көздің қызаруы немесе тітіркенуі;
- линзаларды күтуге арналған ерітіндінің компоненттеріне аллергиялық реакциядан туындаған көздің тітіркенуі (мысалы, ылғалдандыратын тамшылар). Мұндай ерітінділерде химиялық заттар немесе консерванттар (мысалы, сынап, тимеросал және т. б.) болуы мүмкін, оларға кейбір адамдарда аллергиялық реакция пайда болуы мүмкін.

**Сақтық (қауіпсіздік) шаралары және медициналық бұйымды пайдалану кезіндегі шектеулер жөніндегі ақпарат.**

**ЕСКЕРТУ. Жанаспалы линзаларды кию туралы негіз білу қажет**

**КӨЗДІҢ АУРУЛАРЫ. СОҢЫҢ ІШІНДЕ МӨЛДІР ҚАБЫҚТЫҢ ОЙЫҚ ЖАРАСЫ** (ойық жаралы кератит) ТЕЗ ӨРШІП, КӨРУ ҚАБІЛЕТІН ЖОБАЛТУҒА ӘКЕЛУІ МҰМКІН. Егер сіз келесі симптомдарды сезінсеңіз:

- көз жағынан қолайсыздықты сезіну,
- көру қабілетінің төмендеуі,
- көру қабілетінің өзгеруі,
- қарқынды көз жасының ағуы,
- көздің қызаруы,

**ЖАНАСПАЛЫ ЛИНЗАЛАРДЫ ДЕРЕУ АЛЫП ТАСТАҢЫЗ ЖӘНЕ КӨРУ ҚАБІЛЕТІН ТҮЗЕТУ ЖӨНІНДЕГІ МАМАНҒА ХАБАРЛАСЫҢЫЗ.**

- Жанаспалы линзалар күндіз киюге арналған (көру қабілетін түзету жөніндегі маман сізге линзаларды әр күннің соңында алып тастау қажеттілігі туралы айтады), оларды ұйқы кезінде киюге болмайды. Клиникалық зерттеулердің нәтижелері линзаларды түнде шешпей пайдаланған кезде көздің ауыр ауруларының, мысалы, ойық жаралы кератитті пайда болу қаупінің артауына көрсетті<sup>1</sup>.
- Сондай-ақ, олар темекі шегетін пайдаланушылардың темекі шекпейтіндерге қарағанда көз ауруларының (ойық жаралы кератит) даму қаупі жоғарылау екенін көрсетті.
- Жанаспалы линзаларды немесе күтім жөніндегі құралдарын дұрыс пайдаланбау көздің ауыр жарақатына әкелуі мүмкін. Жанаспалы линзалар мен күтім жөніндегі құралдарын, соның ішінде линзаларды сақтауға арналған контейнерді дұрыс пайдалану олардың қауіпсіз қолданылуын қамтамасыз етеді.
- Ауыр көз ауруларының, ойық жаралы кератитті қоса алғанда, жалпы даму қаупін линзаларға күтім жасау жөніндегі нұсқауларды сақтағанда төмендетуге болады.
- Кию кезінде жанаспалы линзаларға судың түсуіне жол бермеу керек. Егер линзаларға су түссе, оларды тастап, жаңа жұпқа ауыстыру керек.
- УК-сүзгісі бар жанаспалы линзаларды кию УК-сүзгісі бар көзілдірікті пайдалануды алмастырмайды, өйткені линзалар көздің бүкіл бетін және көз айналасындағы аймақты жаппайды. Жанаспалы линзаларды кигенде көру қабілетін түзету жөніндегі маманның ұсыныстарын сақтай отырып, УК-сәулеленуден қорғайтын басқа құралдарды пайдалану қажет.
- Линзаларға арналған контейнердегі ескі ерітіндіні қайта пайдаланбаңыз және оған жаңа порцияны «толықтырып құймаңыз», себебі ерітіндіні қайта пайдалану дезинфекциялаудың тиімділігін төмендетеді және ауыр инфекцияның дамуына, көру қабілетінің төмендеуіне немесе соқырлыққа әкелуі мүмкін. «Толықтырып құю» бұл линзаларға арналған контейнерде ескі ерітіндіге жаңа ерітіндіні қосуды білдіреді.
- Жанаспалы линзаларды дезинфекциялау және сақтау үшін көп функциялы ерітіндінің құтысына көрсетілген ұсынылған мерзімнен кейін қалған ерітіндіні утилизиациялаңыз. Ашылған құтыдағы ерітіндінің ықтимал пайдалану мерзімі құты алаш рет ашылғаннан кейін жанаспалы линзаларды күтуге арналған құралды қауіпсіз пайдалануға болатын уақытты білдіреді. Бұл ұғым ерітінді құтыны ашуға әлі жарамды болған соңғы мерзім болып табылатын жарамдылық мерзімінің аяқталу күніне тең емес.
- Көпфункционалы ерітіндіні пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін пайдалану ерітіндінің ластануына және ауыр инфекцияның дамуына, көру қабілетінің төмендеуіне және соқырлыққа әкелуі мүмкін. Ластануды болдырмау үшін құтының ұшын кез келген бетке ТИГІЗБЕҢІЗ. Пайдаланғаннан кейін құтыны қақпақпен жабыңыз. Ерітіндіні басқа құтыларға немесе ыдыстарға ҚҰЙМАҢЫЗ.
- Сумен немесе қандай да болмасын стерильді емес ерітіндімен линзаларды шаймаңыз және ондай сұйықтықтарда сақтамаңыз. Линзалар-

ды немесе линзаларға арналған контейнерді ластамау үшін тек жаңа көпфункционалы ерітіндіні пайдаланыңыз. Стерильді емес ерітіндіні пайдалану ауыр инфекцияның дамуына, көру қабілетінің төмендеуіне немесе соқырлыққа әкелуі мүмкін.

- Көру қабілетін түзету жөніндегі маманға үнемі барып тұру ұсынылады.

**<sup>1</sup>New England Journal of Medicine, September 21,1989; 321 (12), pp. 773-783**

## САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

- Егер стерильді биостеріл қаптама ашық, зақымдалған немесе оның жарамдылық мерзімі өтіп кеткен болса, линзаларды **ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ.**
- Линзаларды енді ғана пайдалана бастаған кезде көру қабілетін түзету жөніндегі маманның кабинетінен кетпес бұрын, оларды киюді және алып тастауды үйренгеніңізге (немесе басқа адам бұны сіз үшін жасай алатынына) көз жеткізіңіз.
- Елистерден линзаны алу үшін **ЕШҚАШАН** пинцетті немесе басқа құралдарды пайдаланбаңыз.
- Жанаспалы линзаларды киюді бір көзден бастаңыз.
- Линзаны алып тастауға тырыспас бұрын оның көз алдында екеніне және сіз анық көре алатыныңызға көз жеткізіңіз.

## Жалпы сақтық шаралары

- Жанаспалы линзалардың клиникалық зерттеулеріне енгізілген пациент санының аздығына байланысты линза материалы үшін қолжетімді оптикалық күштің, дизайн конфигурациясының және линзалардың параметрлерінің барлық мәндері пациенттердің жеткілікті санында бағаланбады. Сондықтан, линзалар мен дизайнның қолайлы параметрлерін таңдағанда, көру қабілетін түзету маманы линзалардың тиімділігі мен көздің денсаулығына әсер етуі мүмкін барлық сипаттамаларын, соның ішінде оттегі өткізгіштігін, ылғалдануды, орталық аймақ пен шеткерідегі қалыңдығын, сондай-ақ оптикалық аймақтың диаметрін ескеруі керек.
- Рефракцияны түзету қажеттілігімен салыстырғанда осы факторлардың пациенттің көз денсаулығына ықтимал әсерін мұқият бағалау керек. Сондықтан көру қабілетін түзету жөніндегі маман пациент көзінің денсаулығын және линзаларды қолданудың тиімділігін мұқият қадағалап отыруы керек.
- Пресбиопияны түзетуге арналған жанаспалы линзаларды киген кезде пациенттер **кейде** жақын немесе алыс жерде қажетті көру өткірлігіне жете алмауы **мүмкін**. Көру сапасына қойылатын талаптар әр пациентте жеке болады және оған қолайлы жанаспалы линзалар түрін таңдау кезінде ескерілуі тиіс.
- Көру қабілетін түзету жөніндегі маманның пациентке көздің қызаруы немесе тітіркенуі жағдайында дереу линзаларды шешу керек екені туралы нұсқау беруі тиіс.
- Көзге арналған кез келген дәрілік препаратты қолданбақ бұрын көру қабілетін түзету жөніндегі маманмен кеңесу қажет.
- Антигистаминді, ісінуге қарсы, несеп айдаушы заттар, миорелаксанттар, транквилизаторлар тәрізді кейбір дәрілік препараттар, сондай-ақ шайқалудан туындайтын бас айналуға қарсы заттар көздің құрғақтығын туғызуды, көздің линза киюге сезімталдығын арттыруы немесе көру өткірлігін төмендетуі мүмкін. Егер сізде осындай дәрілік препараттарды қолдану кезінде жанаспалы линзалармен проблемалар туындаса, олар туралы көру қабілетін түзету жөніндегі маманға хабарлаңыз.
- Линзаларды кию кезінде ішке қабылдайтын контрацептивтерді қабылдау көру қабілетінің өзгеруіне немесе линзалардың төзімділігіне әсер етуі мүмкін.
- Линзалардың түрін (мысалы, брендті) немесе олардың параметрлерін (мысалы, диаметрін, базальқ қисықтығын, оптикалық күшін және т. б.) көру қабілетін түзету жөніндегі маманмен ақылдасуыс өзгертуге **болмайды**.
- Егер сіз жанаспалы линзаларды кие алмасаңыз немесе жанаспалы линзаларды кию ұсынылмаған жағдайда, **әрқашан** өзін-өзінен бірге тиісті көзілдірік алып жүріңіз.
- Көздің денсаулығын қамтамасыз ету үшін көру қабілетін түзету жөніндегі маманына үнемі барып тұру қажет. Көру қабілетін түзету жөніндегі маман келесі сапарларды жоспарлайды.

## ЖАҒЫМСЫЗ ӘСЕРЛЕРІ. Ықтимал проблемалар және оларды шешу

Жанаспалы линзаларды киген кезде келесі проблемалар мен симптомдар пайда болуы мүмкін:

- көздегі ашық күйдіру, шаншуы, қышуы және (немесе) көздің құрғақтығы;
- жайлылық сезімінің төмендеуі немесе көздегі бөтен дене сезімі;
- көздің немесе қосалқы ағзалардың ісінуі немесе қабынуы;
- көздің қызаруы;
- қабаққа қатысты проблемалар;
- көз жасы ағуының жоғарылауы және (немесе) көздің ерекше бөліністері;
- көру қабілетінің төмендеуі немесе бұлдырауы;

- заттардың айналасындағы кемпірқосақ шенберлері немесе оролдар;
- жарықсезгіштік (фотофобия);
- шеткері инфильтраттардың, мөлдір қабықтың шеткері жарасының және мөлдір қабықтың эрозиясының болуы салдарынан көру қабілетінің уақытша бузылуы; жергілікті немесе жайылған ісіну, мөлдір қабықтың неоваскуляризациясы, мөлдір қабықтың боялуы, қан тамырларының инъекциясы, қабақ шеміршегінің патологиялары, ирит немесе конъюнктивит сияқты физиологиялық ауытқулар. Олардың кейбіреулері елеулі емес белгілерімен клиникалық қалыпта болып табылады.

Жоғарыда аталған симптомдардың пайда болуы күрделі аурудан туындауы мүмкін. **ЛИНЗАЛАРДЫ ДЕРЕУ АЛЫП ТАСТАП, көздің ауыр зақымдалуын болдырмау үшін проблеманы анықтау және емдеу үшін көру қабілетін түзету жөніндегі маманға хабарласу керек.**

**Проблемаларды анықтау және оларды шешу**  
Күніне кемінде бір рет 3 сатылы өзін-өзі тексеруді жүргізу қажет. Өзіңізге үш сұрақ қойыңыз:

- Линзаларды кигеннен кейін өзімді қалай сезінемін?
- Менің көздерім қалай көрінеді?
- Линзаларды киген кезде мен көру қабілетімнің өзгеруін байқаймын ба?

Проблеманы анықтаған жағдайда **ЛИНЗАНЫ ДЕРЕУ АЛЫП ТАСТАУ** қажет. Егер линзаны алып тастағаннан кейін ыңғайсыздық сезімі немесе проблема жоғалып кетсе, онда линзаны лақтырып, жаңасын пайдалануыңыз керек. Егер жаңа линзаны кигенде проблема қайтанды, тундаса, **ЛИНЗАНЫ АЛЫП ТАСТАУ ЖӘНЕ ДЕРЕУ КӨРУ ҚАБІЛЕТІН ТҮЗЕТУ ЖӨНІНДЕГІ МАМАНҒА ЖҰГНУ ҚАЖЕТ.**

**ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ**  
**Линзаларды енді ғана пайдалана бастаған кезде, көру қабілетін түзету жөніндегі маманның кабинетінен шықпас бұрын, оларды киюді және алып тастауды үйренгеніңізге (немесе басқа адам бұны сіз үшін жасай алатынына) көз жеткізіңіз.**

Егер стерильді блистерді қаптама ашық, зақымдалған немесе жарамдылық мерзімі өтіп кеткен болса, линзаларды **ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ.**

## Алғашқы қадам: бастау

Жанаспалы линзаларды қолданудың гигиеналық дағдыларын жақсы игеру керек. Линзаларды дұрыс күтудің ең басты және маңызды шарты — тазалық. Линзаларға сабын, лосьон немесе крем жоқ таза және құрғақ қолыңыз тиіуі керек.

Пайдаланар алдында:

- Инфекцияның даму ықтималдығын төмендету үшін жанаспалы линзаларды ұстаудан бұрын **әрқашан** қолыңызды жылы сумен, жұмсақ сабыммен жуыңыз, жұқсылап шайып, теріде матаның талшықтарын қалдырмайтын сүлгімен сүртіңіз.
- Линзаларды пайдаланар алдында құрамында крем, лосьон және косметикалық құралдар бар сабынды қолдануға болмайды. Бұл заттар жанаспалы линзаларға түсіп, оларды киюге әсер етуі мүмкін. Линзаларды макияж жасаудан бұрын киген жөн.

## Екінші қадам: қаптаманы ашу

Әрқашан линзалардың қаптамасында және блистерлерде белгіленген линзалардың параметрлерінің (мысалы, диаметрін (DIA), базальқ қисықтығын (BC), оптикалық күшін (D) және т. б.) рецептке сәйкестігін тексеріп алыңыз. Егер сәйкессіздік болса, линзаларды **ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ.**

## Картон қаптама

Әрбір картон қаптамада жеке блистерлер бар. Стерильділікті қамтамасыз ету үшін әр линза жеке блистерде сақталады.

## Линзалар қаптамасы

- Линзасы бар блистерді ашу үшін келесі нұсқауларды ұстаныңыз:
- 1. Блистерді шайқап, линза ерітіндіде еркін малтып тұрғанына көз жеткізіңіз.
- 2. Фольганы блистерден ақырын ажыратыңыз.
- 3. Линзаны саусақпен контейнердің қабырғасы бойынша жүргізіп, шығарып алыңыз. Кейде линза ішіне фольгаға немесе блистерге жабысып қалуы мүмкін. Бұл линзаның стерильділігіне әсер етпейді, оны әбден қауіпсіз пайдалануға беруге болады. Линзаны ақырын алыңыз және нұсқауларға сәйкес тексеріңіз.

## Линзаларды қолдану жөніндегі кеңестер

- Линзаларды саусақтың ұштарымен алыңыз, тырнақпен жанасуға жол бермеңіз. Тырнағыңыздың қысқа, шеті тегіс болғаны дұрыс.
- Линзаларды шастастырып алмау үшін, әрқашан жанаспалы линзаларды бір көзден бастап кию дағдысын қалыптастырыңыз.
- Линзаны блистерден шығарғаннан кейін оны тексеріп, оның бүтін, ылғалданған, таза екеніне және оның үстінде сызаттар мен жыртылу-дық жоқтығына көз жеткізіңіз. Егер линза зақымдалған болса, оны **ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ.**

## Үшінші қадам: линзаны көзге кию

### Жанаспалы линзаларды киюді бір кезден бастаңыз.

Блистерді ашып, линзаны тексергеннен кейін линзаны кию бойынша келесі нұсқауларды орындаңыз:

1. ЛИНЗАНЫҢ АУДАРЫЛМАҒАНЫНА КӨЗ ЖЕТ-КІЗІҢІЗ, бұл үшін оны келесідей тексеріңіз:
  - линзаны сұқ саусағыңыздың ұшына орналастырып, оған бүйір жағынан қараңыз. Линза табиғи шығыңқы тостаған тәрізді пішінді болуы тиіс. Егер линзаның шеттері сыртқа бағытталып тұрса, онда линза аударылған;
  - линзаны бас бармағыңызбен және сұқ саусағыңызбен ақырын қысыңыз. Линзаның шеттері ішке қарауы керек. Егер линза аударылған болса, шеттері ептел сыртқа бүріліп тұрады;
  - Линзаны сұқ саусағыңыздың ұшына орналастырыңыз және линзаға төменнен жоғары қарай қарап тұрып, 1-2-3 цифрларын табыңыз. Егер сіз 1-2-3 цифрларын көрсеніз, бұл линза дұрыс күйінде екенін білдіреді. Егер сіз цифрларды көріп ретпен көрсеніз — 3-2-1, бұл линза теріс айналғанын білдіреді. Егер линзаның ішкі беті сыртқа айналған болса (сіз 3-2-1 цифрларын көрсеніз), линзаны аударыңыз және линзаның дұрыс орналасқанына көз жеткізу үшін цифрларды тексеріңіз.

1-2-3 белгілеуі барлық ACUVUE жанаспалы линзаларында болмайтынын есте сақтаңыз.

2. Линзаны сұқ саусақтың ұшына қойыңыз, екінші қолыңызбен жыпылықтамас үшін жоғарғы қабақты ұстап тұрыңыз.

3. Төменгі қабақты екінші қолдың саусақтарымен тартыңыз.

4. Жоғары қарап, линзаны ақырын көз алмасына (ақ бөлікке) салыңыз.

5. Қабағыңызды жайлап босатыңыз және көзіңізді жабыңыз.

6. Линзаны орталықтау үшін көзіңізбен бірнеше рет жыпылықтаңыз.

7. Линзаны екінші көзіңізге кигенде осы шараларды қайталаңыз.

Линзаны киюді басқа да тәсілдері бар. Егер жоғарыда сипатталған тәсіл сізге қиын болса, көру қабілетін түзету жөніндегі маман басқасын ұсынады.

## Төртінші қадам: линзаларды тексеру

Линзаларды сәтті кигеннен кейін өзіңізге келесі сұрақтарды қойыңыз:

- Менің көзім бұрынғыдай жақсы көреді ме?
  - Линзаларды кигеннен кейін өзімді қалай сезінемін?
  - Менің көздерім қалай көрінеді?
- Егер линзаны кигеннен кейін сіз айқын көрмесеңіз, ол төмендегі себептерден туындауы мүмкін:
- Линза мөлдір қабықтың ортасында орналаспаған (әр кәдір «Бесінші қадам: линзаны орталықтау» қар).

- Егер линза дұрыс күйде болса («Линзаларды шешу» бөлімін қараңыз), оны шешіп, мыналы тексеріңіз:

- Линза косметикамен немесе маймен ластанған. Мұндай линзаны тастап, жаңасын киіңіз;
- Линза басқа көзге киілген;
- Линза теріс аударылған, бұл жағдайда да сіз біршама жайсыздықты сезінуіңіз мүмкін. «Үшінші қадам: линзаны көзге кию» қар.

Егер жоғарыда көрсетілген пункттер тексерілгеннен кейін де сіз әлі айқын көрмесеңіз, линзаны шешіп, көру қабілетін түзету жөніндегі маманға жүгініңіз.

**Ескертпе.** Егер сіз линзаны кигенде ыңғайсыздық сезінсеңіз немесе кию кезінде линзаның ыңғайлылығы аздау болса, линзаны дереу алып тастаңыз және көру қабілетін түзету жөніндегі маманға хабарласыңыз. Егер көз және линзаларды тексеру кезінде қандай да болмасын проблемалар бар болса, ЛИНЗАЛАРДЫ ДЕРЕУ АЛЫП ТАСТАҢЫЗ ЖӘНЕ КӨРУ ҚАБІЛЕТІН ТҮЗЕТУ МАМАНЫМЕН КЕҢЕСІҢІЗ.

## Бесінші қадам: линзаны орталықтау

Мөлдір қабықта (көздің ортасы) орналасқан линза кигенде аққабық жаққа сирек жылжиды. Алайда ол линзаны дұрыс емес кигенде не шешкенде орын алуы мүмкін. Жанаспалы линзаны орталықтау үшін төмендегі тәсілдердің бірін пайдаланыңыз:

- қабағыңызды жабыңыз және жабық қабақтың үстінен саусағыңызбен массаж жасаушы қиылмен линзаны ақырын орнына жылжытыңыз **НЕМЕСЕ**
- көзіңізді жаппай, саусақтарыңызбен төменгі немесе жоғарғы қабақтың шетін басықлап, жылжып кеткен линзаны мөлдір қабықтың ортасына қарай ақырын қозғалтыңыз.

## Қауіпті жағдайлар

- Шашқа арналған лак және басқа аэрозольдерді қолданған кезде көзіңізді жұмыңыз, аэрозоль бөлшектері толығымен тұндырылғанша ашаңыз.
- Линза киген кезде зиянды немесе тітіркенуді туғызатын буланулардан сақтанған жөн.
- Линзаларды ешқашан ағын сумен шаймаңыз.

## Суға байланысты жағдайлар

• Кию кезінде жанаспалы линзаларға судың тұсуіне жол бермеу керек.

## Ылғалдандыратын ерітінділер

• Көру қабілетін түзету жөніндегі маман кию кезінде линзаларды ылғалдандыру үшін қолда-

нуға болатын майлау немесе ылғалдандыратын тамшыларын ұсынуы мүмкін.

- Линзаларды сілекеймен немесе кез келген басқа ұсынылмаған ерітінділермен сулауға немесе ылғалдандыруға **тыйым салынады**. Линзаларды ауызға салмаңыз.
- Түрлі ерітінділерді бір мезгілде пайдалану ұсынылмайды. Ерітінділердің барлығы линзалардың түрлі үлгілерімен пайдалану үшін қауіпсіз емес. Тек ұсынылған ерітінділерді ғана пайдаланыңыз.
- Ерітіндіні көру қабілетін түзету жөніндегі маманмен кеңеспей ауыстырмаңыз.
- Қатты жанаспалы линзаларға ұсынылған ерітінділерді пайдалануға тыйым салынады.
- Әрқашан тек жаңа жанаспалы линза ерітіндісін және жарамдылық мерзімі аяқталмаған линзаларды қолданыңыз және жанаспалы линза ерітінділерін қолдану жөніндегі нұсқауларды орындаңыз.
- Консерванттарсыз стерильді ерітіндіні қолдану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген күннен кейін утилизациялау керек.
- Линзалар пайдаланылмағанда оларды ұсынылған ерітіндіде, сұйықтыққа толықтай батырып, сақтаңыз. Егер линза ұзақ уақыт бойы (30 минут немесе одан көп) ауада қалып қойса, ол ылғалдану қабілетін жоғалтуы мүмкін. Бұл жағдайда линзаны тастап, жаңасын қолдану керек.

## Линзаларды бірге пайдалану

- Өз линзаларыңызды ешқашан басқа біреулерге киюге бермеңіз. Жанаспалы линзаларды басқа адамдармен бірге пайдалану инфекциялық көз ауруларының даму қаупін көп есе арттырады.

## Тағайындалған кию және ауыстыру режимін сақтау

- **Ешқашан** линзаларды көру қабілетін түзету жөніндегі маман ұсынған мерзімнен ұзағырақ киюге болмайды.
- Пайдаланылған линзаларды көру қабілетін түзету жөніндегі маманның нұсқауына сәйкес утилизациялаңыз.
- Пайдаланылмаған линзаларды немесе қалдықтарды жергілікті талаптарға сәйкес утилизациялау керек.

## ЛИНЗАНЫ КӨЗДЕН ШЕШУ

Егер сіз айқын көрмесеңіз, линза көздің ақ бөлігіне (аққабыққа) ығысқан немесе тіпті жоқ болуы мүмкін. Линзаны табу үшін айнаға қарап тұрып, жоғарғы қабағыңызды тартып, көздің жоғарғы бөлігіне қараңыз. Осыдан кейін төменгі қабағыңызды төмен тартып, көздің төменгі бөлігін қараңыз.

1. Қолыңызды мұқият жуыңыз және құрғатып сүртіңіз. Көру қабілетін түзету жөніндегі маманның ұсынғандарын орындаңыз. Төменде мысал келтірілген: шымшып алу әдісі.

### Шымшып алу әдісі:

**Бірінші қадам.** Жоғары қарап, сұқ саусағыңызбен линзаны төмен қарай жылжытыңыз.

**Екінші қадам.** Линзаны сұқ саусағыңыз және бас бармағыңызбен ақырын қысыңыз.

**Үшінші қадам.** Линзаны шешіңіз.

2. «Линзаларға күтім жасау» бөліміндегі нұсқауларды орындаңыз.

**Ескертпе.** Көздің денсаулығын сақтау үшін линзаның көзде қозғалу мүмкіндігі өте маңызды. Линза көзге жабысқан кезде (яғни, линза көзге қозғалуы тоқтатқан кезде) ұсынылған ылғалдандыратын көз тамшыларын тамызыңыз. Линзаның еркін қозғалуы мүмкін болуды күтіңіз, содан кейін оны алыңыз. Егер бірнеше минуттан кейін линзаны қозғалту әлі де қиын болса, дереу көру қабілетін түзету жөніндегі маманға жүгіну керек.

## ЛИНЗАЛАРҒА КҮТІМ ЖАСАУ

Жанаспалы линзаларды алғаш қолданған кезде, көру қабілетін түзету жөніндегі маман жанаспалы линзаларды дезинфекциялау және тазалаудың тиісті әдісін ұсынады. Линзаларға күтім жасау ережелерін сақтамау «Ескертулер» бөлімінде сипатталған ауыр асқынулардың дамуына әкелуі мүмкін. Пайдаланар алдында:

- Жанаспалы линзаларды ұстаудан бұрын **жақшын** қолыңызды жұмсақ сабынмен жуыңыз, жақсылап шайып, теріде матаның талшықтары қалдырмайтын сүлгімен сүртіңіз.
- Сізде мыналар бар екеніне көз жеткізіңіз:
  - Жаңа тазартқыш және дезинфекциялау ерітінділер немесе көру қабілетін түзету жөніндегі маман ұсынған көп функциялы ерітінді.

**Қатты жанаспалы линзалар үшін ұсынылған ерітінділерді пайдалануға тыйым салынады.**

- Жанаспалы линзаларға арналған таза контейнер.
- **Жанаспалы линзаларды күтуге арналған пероксидті жүйені пайдаланғанда АЕК пероксидті жүйемен бірге жеткізілетін жанаспалы линзаларға арналған контейнерді пайдаланыңыз.**

Бұл контейнер ерітіндіні бейтараптандыру үшін арнайы әзірленген. Линзаларды сақтауға арналған арнайы контейнерді пайдаланудан бас тарту көздің қатты ашуы, күңір немесе зақымдалуына әкеліп соғуы мүмкін.

## Бірінші қадам: тазалау және дезинфекциялау (химиялық, термиялық емес әдіс)

1. Линзаларды шаштырмау үшін әрқашан алдымен бір линзаны тазалаңыз және дезинфекциялаңыз.
2. Линзаларды тазалауға және дезинфекциялауға арналған ерітіндіні қолдану жөніндегі нұсқаулықта келтірілген нұсқауларды немесе көру қабілетін түзету жөніндегі маманның ұсынғандарын орындаңыз.
3. **Дезинфекциялау ерітіндісі мен линзаларды ҚЫЗДЫРМАҢЫЗ.**
- **Назар аударыңыз.** Химиялық әдіспен дезинфекцияланған линзалар дезинфекциялаушы ерітінділердің компонентерін сіңіре алады, бұл көздің тітіркенуіне әкелуі мүмкін. Стерильді физиологиялық ерітіндіде немесе басқа ұсынылған ерітіндіде линза көзге киілгенге дейін мұқият жуу тітіркену ықтималдығын азайтуы тиіс.
3. Тісті дезинфекциялау үшін линзаларды көпфункционалды ерітіндіні қолдану жөніндегі нұсқаулықтағы нұсқауларға сәйкес белгілі бір уақыт ішінде тазалаңыз және шайыңыз.

## ЕСКЕРТУ.

- Көздің ауыр инфекцияларының дамуын алдын алу үшін линзаларды ұсынылған уақыт бойы тазалаңыз және шайыңыз.
- Линзаларды дезинфекциялау үшін ешқашан суды, физиологиялық ерітіндіні немесе ылғалдандырушы тамшыларды пайдаланбаңыз. Бұл ерітінділер линзаларды дезинфекцияламайды. Ұсынлатын дезинфекциялаушы құралын пайдаланбау ауыр инфекцияның дамуына, көру қабілетінің төмендеуіне немесе соқырлыққа әкелуі мүмкін.
- 4. Линзаны контейнердің дұрыс бөлігіне салыңыз.

## Екінші қадам: сақтау

- Линзаларды сақтау үшін алдымен оларды дезинфекциялаңыз, содан кейін келесі пайдаланғанға дейін жабық контейнерде қалдырыңыз.

**Линзалар пайдаланылмағанда ӘРҚАШАН оларды ұсынылған ерітіндіде, сұйықтыққа толықтай батырып сақтаңыз. Егер линза ауада ұзақ уақыт бойы қалып қойса, ол ылғалдану қабілетін жоғалтады. Бұл жағдайда линзаны тастап, жаңасын қолдану керек.**

- Егер линзаларды ұзақ уақыт бойы сақтау қажет болса, көру қабілетін түзету жөніндегі маманмен кеңесіңіз.
- Әрқашан ерітіндіні утилизациялаңыз және жанаспалы линзаларға арналған контейнерді саусақтарыңызбен үйкелеп, жаңа стерильді дезинфекциялаушы ерітіндіні немесе жанаспалы линзаларға арналған тазартқыш ерітіндіні пайдаланып, тазартыңыз. Тазалағаннан кейін контейнерді жаңа стерильді дезинфекциялаушы ерітіндісімен (ешқашан суды пайдаланбаңыз) жуу керек, сондай-ақ линзаларға арналған контейнерді таза матамен сүрту ұсынылады. Контейнерді келтіруден бұрын онда ерітіндінің қалдықтары қалып қоймағанына көз жеткізіңіз.

- Көру қабілетін түзету жөніндегі маманның нұсқауларына немесе контейнерді пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес линзаларды сақтауға арналған контейнерді жаңасына ауыстырыңыз.
- Линзаларды сақтауға арналған контейнерлер бактериялардың көзі бола алады.

**ЕСКЕРТУ.** Сумен немесе стерильді емес ерітіндімен линзаларды шаймаңыз және онда сақтамаңыз. Линзаларды немесе линзаларға арналған контейнерді ластану үшін тек жаңа көпфункционалы ерітіндіні пайдаланыңыз. Стерильді емес ерітіндіні пайдалану ауыр инфекцияның дамуына, көру қабілетінің төмендеуіне немесе соқырлыққа әкелуі мүмкін.

## ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР.

Көзге кез келген химиялық заттар (тұрмыстық химия құралдары, бау-бақша құралдары, зертханалық химиялық заттар және т. б.) түскен кезде **ДЕРЕУ КӨЗДІ АҒЫН СУМЕН ШҮЙІП, КӨРУ ҚАБІЛЕТІН ТҮЗЕТУ ЖӨНІНДЕГІ МАМАНҒА НЕМЕСЕ ЖЕДЕЛ ЖӨРДЕМ БӨЛІМШЕСІНЕ ЖҮГІНУ** керек.

## ЖАҒЫМСЫЗ РЕАКЦИЯЛАР (жағымсыз әсерлер) ТУРАЛЫ ХАБАРЛАУ

ACUVUE жанаспалы линзаларын кию кезінде кез келген жағымсыз реакциялар пайда болған кезде бұл туралы өндірушіге, уәкілетті өкілге және (немесе) мемлекеттік органға хабарлаңыз.

## Медициналық бұйымды сақтау мерзімі және шарттары туралы ақпарат

Сақтау мерзімі — 5 жыл.

ACUVUE жанаспалы линзалары ешқандай ерекше сақтау шарттарын талап етпейді.

## Медициналық бұйымның өндірушісі және оның уәкілетті өкілі туралы мәлімет

**АҚШ:** Johnson & Johnson Vision Care, Inc., 7500 Centurion Parkway, Jacksonville, Florida, 32256, USA.

Өндіріс орны қаптамасында көрсетілген. Нақты мекенжайлар жоғарыда келтірілген.

**EC REP:** AMO Ireland, Block B, Liffey Valley Office Campus, Quarryvale, Co. Dublin, Ireland [www.acuvuekz.com](http://www.acuvuekz.com)

©Johnson & Johnson Vision Care Companies 2021

## Қазақстан Республикасының аумағындағы тұтынушылардан медициналық бұйым жөніндегі шағымдарды (ұсынғандарды) қабылдайтын және тіркеуден кейінгі қауіпсіздікті қадағалауға жауапты ұйымның атауы және байланыс деректері

«СПЕКТРУМ ВИЖН» ЖШС, 050050, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Райымбек д-лы., 169 А  
Телефон: +7 727 323 11 00  
E-mail: [acuvue@jnj.ru](mailto:acuvue@jnj.ru)

## Медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықты шығару немесе соңғы қайта қарау туралы деректер 05/2023

## Таңбалау кезінде пайдаланған белгілер мен символдардың түсіндірмесі:

**Жанаспалы линзалардың заттаңбасында немесе қаптамасында төмендегі белгілер орналасуы мүмкін.**

Символы	Анықтамасы	Символы	Анықтамасы
	Назар аударыңыз! Қолдану жөніндегі нұсқаулықты қараңыз		ҮК-сүзгі
	Өндіруші		Еуропалық қоғамдастықтағы уәкілетті өкілі
	Өндірілген күні		Еуропалық стандарттарға сәйкестік белгісі және Еуропалық қоғамдастықтағы уәкілетті органның сәйкестендіру нөмірі
	Дейін пайдалану (жарамдылық мерзімі)		Жалпы диаметр
	Партия коды		Базалық қисықтығы
	Бұмен стерилизацияланған		Диоптрий (оптикалық күші)
	Егер қаптамасы зақымдалған жағдайда пайдалануға болмайды		Линзаның дұрыс орналасуы
	Қалдықтарды утилизациялау төленді		Линзаның дұрыс емес орналасуы (линза теріс аударылған)
	НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ. АҚШ Федералдық заңнамасына сәйкес осы өнімді сату тек сертификатталған медициналық мамандарға немесе олардың рецепті бойынша ғана рұқсат етілген		Қазақ қорاپ пен қаптама материалдарды сәйкестендіру белгісі
	Еуропалық қоғамдастықтағы медициналық бұйым		Композиттік материалдарды сәйкестендіру белгісі
	Стерильді бөгеттік жүйесі		Құрамында қауіпті заттар бар